

**«Университетте жастар саясатын іске асыру нәтижелері және дамыту  
перспективалары» мәселесі бойынша  
АҚПАРАТ**

**«03» наурыз 2025 ж.**

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жастар саясатын іске асыру бірнеше мақсатты құжаттармен реттеледі: Жастар саясаты (ІНҚ-ZU-20-01), Әлеуметтік саясат (ІНҚ-ZU-13-01), олар 2024 жылғы 14 қазанда Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен, сондай-ақ 2024-2025 оқу жылына арналған жастар бастамаларын дамыту жоспарымен бекітілген.

Университетте жастар саясатын іске асыру үшін 4 құрылымдық бөлім белсенді жұмыс істейді: Жастар саясаты бөлімі, Әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім, Спортклуб, Байланыс және имидждік саясат орталығы.

Еріктілер штабы 14 бағыт бойынша жұмыс атқарады. Республикалық «Менің бауырым» жобасы аясында 65 волонтер даярлықтан өтті.

2024 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін діни сауаттылық бағыты бойынша 12 іс-шара мен кездесулер өткізіліп, оларға 1000-нан астам студент пен 15 шақырылған қонақ – спикерлер қатысты. 20-дан астам студенттермен тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Университетте 2025 жылғы 5 қаңтарында Психологиялық қызмет құрылды. Қызмет құрамында 7 маман бар. Есептік кезеңде Психологиялық қызмет тарапынан профессорлық-оқытушылық құрамның, қызметкерлердің және студенттердің әлеуметтік-психологиялық дамуы мәселелері бойынша 7 кездесу өткізілді.

Университеттің жастар саясатын іске асыру аясында:

- 13 жетім студент пен аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан студенттер университет асханаларында тегін тамақтануға арналған талондар алды;

- 745 студент жатақханаларда тұрады, оның ішінде 14 жетім студент пен мүмкіндігі шектеулі студенттер тегін тұрады;

- Жастар саясатын іске асыруға 6 000 000 теңгеден астам қаражат бөлінді;

- Инклюзивті білім беруге толық қолдау көрсетілді (56 студент осы бағыт бойынша оқуда);

- 3 сауалнама жүргізілді (2 – Психологиялық қызмет, 1 – жастар ортасындағы бопсалау фактілері бойынша Полиция департаментімен бірлесіп), жалпы 2000-нан астам студент қамтылды;

- Бас ғимараттың негізінде бос уақытты тиімді өткізуге арналған арнайы орындар ұйымдастырылды;

- 121 іс-шара өткізіліп, тұрақты түрде 500-ден 2000 адамға дейін қамтылды;

- Әлеуметтік желілерде 200-ден астам жарияланым жасалып, 200 000-нан астам лайк, 500 000-нан астам қаралым, шамамен 30 000 пікір, 2000

репост жиналды, қосымша 3000 жазылушы тартылып, жалпы белсенділік 230%-ға артты;

– 19 сыртқы ұйыммен ынтымақтастық орнатылды;

– 2 000 000 теңгеден астам қаржы тартылып, демеушілік қолдау көрсетілді;

– Спорттық-сауықтыру пакеті (бассейн, жаттығу залы, спорт залы) толық қолдаумен қамтамасыз етілді. Жұмыс 10 спорт секциясы бойынша жүргізілуде.

Жастар саясаты бөлімі жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша:

– Университеттің жастар саясатына студенттердің қанағаттану деңгейі 95,8%-ды құрады;

– Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқитын студенттердің жалпы санынан волонтерлік қызметпен айналысатындардың үлесі 28% (1324 адам), бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 2%-ға жоғары;

– Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған студенттердің үлесі 57,7% (2728 адам), бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 200 адамға көп;

– Студенттік ұйымдар мен студенттік клубтардың қызметіне тартылған студенттердің жалпы санының үлесі 51% (2407 адам), бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 4%-ға жоғары;

– Спорт пен дене шынықтырумен қамтылған студенттердің үлесі 77% (3706 адам), бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 3,5%-ға жоғары;

– 2024 жылы студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуға тартылған студенттердің үлесі 20%-ды құрады.

Университеттегі жастар саясатының жүзеге асырылу нәтижелері мен даму перспективаларын SWOT-талдау арқылы көрсетуге болады (1 кесте):

**1 кесте. Университеттегі жастар саясатын іске асырудың SWOT-талдауы**

| <b>Күшті жақтары (Strengths)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | <b>Әлсіз жақтары (Weaknesses)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>1. Білім беру бағдарламаларын дамыту:</b><br/>Білім беру бағдарламалары заманауи технологиялар, инновациялар және кәсіпкерлік саласындағы трендтерге бағытталып қарқынды дамуда. Бұл жастарға өзекті білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді. (13 студент өз кәсібімен айналысуда).</p> <p><b>2. Әкімшілік қолдау:</b><br/>Жастарды қолдауға бағытталған бірқатар бастамалар бар, әсіресе тағылымдамалық бағдарламалар, студенттер мен жас мамандарға арналған конкурстар мен гранттар.</p> | <p><b>1. Студенттердің практикалық дағдыларының жетіспеушілігі:</b><br/>Кейбір білім беру бағдарламаларында практикалық сабақтар, тағылымдамалар мен жобалар жеткіліксіз қамтылған, бұл студенттердің кәсіби өмірге толық дайындалуына кедергі келтіреді.</p> <p><b>2. Жұмыс берушілермен байланыстың тиімсіздігі:</b><br/>Бизнес-құрылымдармен ынтымақтастықтың жеткіліксіздігі байқалады, бұл студенттердің еңбек нарығының талаптарына сәйкес дайындалмауына әкеледі.</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>(34 студент оқу ақысына 15% жеңілдік алды; «Қазақстан халқына» қорының гранттары – 8; Университет гранттары – 6, оның ішінде: PhD гранты – 3, Қорғаныс министрлігінің гранты – 5. 80 студент жалпы сомасы 2 000 000 теңгеге жуық сыйақыға ие болды).</p> <p><b>3. Жастар ұйымдары мен қауымдастықтарын дамыту:</b> Әлеуметтік, мәдени және білім беру жобаларымен айналысатын жастар ұйымдары белсенді жұмыс істеуде, бұл студенттердің әлеуметтік белсенділігінің артуына ықпал етеді. (Белсенді жұмыс істейтін 9 клуб және 12 студенттік ұйым, Волонтерлер штабы бар).</p>                                                                                                                                                                                     | <p><b>3. Психологиялық қолдау мәселелері:</b> Студенттерге психологиялық көмек көрсету үшін штаттық психолог мамандардың тапшылығы байқалады, бұл олардың менталдық денсаулығына, академиялық үлгеріміне әсер етіп, суицид қаупін арттыруы мүмкін.</p> <p><b>4. Университет түлектерімен байланыстың әлсіздігі.</b> Беделді түлектермен кездесулер жасау, келген жастарды өмірге ыңталандыруға ықпал етуі.</p>                                                                                                                                                                   |
| <p><b>Мүмкіндіктер (Opportunities)</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <p><b>Қауіптер (Threats)</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <p><b>1. Стартаптар мен кәсіпкерлікті дамыту:</b> Стартаптар мен инновацияларға деген қызығушылық артып келеді, бұл кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға және жеке жобаларды бастауға мүмкіндік береді.</p> <p><b>2. Халықаралық ынтымақтастық:</b> Халықаралық білім беру бағдарламалары мен алмасулар санының артуы және шетелдік жоғары оқу орындарымен жасалған келісімдер студенттерге әлемдік білімге қол жеткізуге және олардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады.</p> <p><b>3. Цифрлық технологияларды пайдалану:</b> Онлайн-білім беру, курстар мен жастарға арналған өзекті біліктілікті арттыру бағдарламаларын енгізу студенттерге қосымша дағдыларды дамытуға, әлемдік стандарттарға сай білім алуға көмектеседі және әлеуметтік проблемалардың</p> | <p><b>1. Экономикалық тұрақсыздық:</b> Кейбір студенттердің экономикалық қиындықтары олардың академиялық және әлеуметтік белсенділігінің төмендеуіне әкеледі.</p> <p><b>2. Жастар мотивациясының төмендеуі:</b> Егер студент шығармашылық клубтарда, қоғамдық өмірде, волонтерлік қызметте белсенді болып, бірақ академиялық процесте жеткілікті қолдау алмаса, оның оқу мен жастар бағдарламаларына деген мотивациясы төмендеуі мүмкін. Бұған талантты студенттерді қолдаудың әлсіздігі де жатады (әлеуметтік интегралдық GPA мен кеңейтілген әлеуметтік пакеттің болмауы).</p> |

|                                                      |  |
|------------------------------------------------------|--|
| жастарға әсер ету қаупін<br>төмендетуге ықпал етеді. |  |
|------------------------------------------------------|--|

Дереккөз: 2024 жылғы жастар саясатын іске асыру жөніндегі есептік деректер негізінде құрастырылған.